

«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы білім бөлімі Жолымбет кентінің №2 жалпы орта білім беретін» КММ  
жалпы мектепішілік ата - аналар жиналышы  
Хаттамасы №2

Мерзімі: 24.04.2024  
Катыскандар: 83  
Катыспагандар: 71

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оку жылындағы атқарылған жұмыстарды қорытындылау  
Мектеп директоры: А. Молдобаева
2. 2023-2024 Оқу жылының жетістіктері мен қорытынды аттестациялау.  
Оку ісінің менгерушісі: И. Хуат
3. Құқық бұзушылықтың алдын алу, оқушыларға қауіпсіз жазғы демалысты  
ұйымдастыру. Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Е.Амет
4. Оқушыларға психологиялық көмек көрсету. Мектеп психологи А. Кучуков
5. Әлеуметтік педагогтың жылдық есебі Әлеуметтік педагог С. Алпамыс
6. Оқушылардың генетикалық тазалығы. Мектеп мейірбикесі Х. Хапар
7. Кентіміздің участекелік инспекторы
8. Әр түрлі сұрақтар Ж. Самбетов

Алғаш болып сөз алған мектеп директоры А. Молдобаева Қайырлы күн құрметті ата - аналар, құрметті қонақтар, әріптестер! 2023-2024 оку жылындағы Жолымбет кентінің №2 жалпы орта білім беретін мектебі КММ жұмысы барысымен таныстыруға рұқсат етініздер. Мектебіміз оку жылының басынан бастап тәрбие мен білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сай жұмыс атқаруда. Мектебімізде жалпы білім алатын оқушылар саны 294. 1-11 сыныптарда 263 оқушы білім алады. Мектепалды сыныптарда 33 бала бар. 1-4 сыныптарда 111 оқушы оқиды. Бастауыш сыныпокүшілары оку жылының басынан бастап, толық ыстық тамақпен қамтылған. Сонымен қатар тегін және женілдетілген тамақтандырумен қамтамас етілетін білім алушылармен тәрбиеленушілердің саны 5-11 сыныптар аралығында 26 оқушы. Үздік оқушылар саны 59, жақсы оқитын оқушылар саны 92. Мектепте жұмыс істейтін мұғалімдер саны 29, оның ішінде 2 қосымша жұмыс жасайды. Жоғары білімді 24, орта білімді 5 мұғалім жұмыс істейді. Мұғалімдердің сапалық құрамы: «Педагог зерттеуші» 3, «Сарапшы» 7, «Модератор» 3. Санатсыз 14, педагог 2. Мектепте 18 оку кабинеті болса, екі аусымда тек қазақ тілінде білім алады. Мектебіміз тек ғана білім берумен шектелмей, ұстаздарымыз, оқушыларымыз аудандық, облыстық, республикалық байқауларға, сайыстарға қатысып жүлделі орындарға ие болды. Кентіміздің қоғамдық іс шараларына да белесен қатысып келді. Қантар айында аудандық семинар өтіп, ашық сабактар, көрмелер үйымдастырылып өте жақсы деген баға берілді. Мектепте оку жылының басынан бастап «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында барлық бығыттары қамтыла үздіксіз жұмыс жүргізілуде. Осы бағдарламаны іске асыру мақсатында түрлі жобалар жұмыс жасауда. Атап айтсақ «Төрт тоқсан - төрт өнер»,

«Даналық мектебі», «Окуға құштар мектеп» және спорттық үйрмелер. Мектеп ұстаздары мен оқушылары кентіміздің қоғамдық өміріндегі іс шараларға белсene қатысады. Сонымен қатар аудандық, облыстық, республикалық байқаулар мен сайытарға қатыс жүлделі орындарға ие болды. Ол туралы оку ісінің менгерушілері баяндайды.

### **Қаулы: 2023-2024 оқу жылында атқарылған жұмыстарды баяндалды.**

Екінші болып сөз алған оқу ісінің менгерушісі И.Хуат оқу жылындағы оқушылар мен ұстаздардың жетістіктеріне тоқталды.

Оқу ағарту министрлігінің №514 бүйрекіне сүйене отырып «Мың бала» республикалық зияткерлік орталығының ұйымдастыруымен 2023-2024 оқу жылының ақпан наурыз айларындағы «Мақатаев оқулары» конкурсына жалпы 43 оқушы қатысты. Оның ішінде бастауыш бөлімнен 33 оқушы, орта буыннан 10 оқушы қатысып, 1-2 дәрежелі дипломдармен марапатталды.

Қазақстан Республикасының ОҚУ АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ «ДАРЫН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФЫЛЫМИ ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТАРЫРУЫМЕН ӨТКЕН «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына жалпы 15 оқушы қатысып, оның он үші бастауыш бөлімнен, екеуі орта буыннан. Қатысқан оқушылар 1-2 дәрежелі дипломдармен марапатталды.

Қазақстан Республикасы ОҚУ АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТАРЫРУЫМЕН ӨТКЕН «Қазақстан менің жарқын болашағым» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БАЙҚАУЫНА 3 оқушы қатысып 2-3 дәрежелі дипломдармен марапатталды.

Аудандық «Мәшкүр Жүсіп Көпейұлы» оқуына ғылыми жоба және эссе жазу номинациясы бойынша 2 оқушы қатысып, 3-орынға иеленді. 2023 -2024 оқу жылындағы 8-11 сынып оқушыларының облыстық ғылыми жоба байқауынан III дәределі дипломмен Емелхан Қарашаш марапатталды. 2023-2024 оқу жылында ауыл мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пендер бойынша республикалық олимпиаданың бірінші ( бастапқы) кезеңінен 1 оқушы сертификатқа ие болса, екінші оқушы «Математика» пәні бойынша III ДӘРЕЖЕЛІ ДИПЛОМ мен марапатталды.

Аудандық «Алтын сака» олимпиадасына 5 оқушы қатысып 1-2-3 дәрежелі дипломдармен марапатталды.

Мектебіміздің «Сөз майданы» дебат клубының мүшелері аудандық дебат сайысында III орын иеленді.

«Жастар-2024» бағдарламасының аудандық күнтізбелік спорттық іс шарасында Волейболдан 9-11 сыныптар арасында 1-орын.

**«Жастар-2024» бағдарламасының аудандық күнтізбелік спорттық іс шарасында Тоғыз құмалақтан 5-6 сыныптар арасында 3- орын, Аудандық «Мұғалім -2024» спортакиадасын Тоғызқұмалақтан мектебіміздің мұғалімдері Идеят Озат, Хомыт Айгұль II орын иеленсе, Шахматтан Бергенбай Майгуль және Идеят Озат III орын иеленді. Жалпы командалық есепте мектебіміз Тоғызқұмалақтан II орын, шахматтан III орынға ие болды.**

**Қаулы: 2023-2024 жылындағы оқушылар мен ұстаздардың жетістігі таныстырылды.**

Үшінші болып сөз алған директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Е. Амет балалар үшін жылдың ең тамаша, асыға күткен мезгілі жаз келді. Бұл мезгіл оқушыларға үлкен еркіндік береді. Серуендеу, қызыру, суға шомылу, велосипед тебу және тағы басқа қызықты істер мен айналысу. Осы уақытта оқушылардың қауіпсіздігі үшін ата аналар абай болулары керек. Жасөспірімдердің өміріне үлкендер жауапты екенін ұмытпау керек. Оқушлардың көшеде жүру тәртібі, жол ержесін сақтау, қоғамдық орындарды өздерін ұстауы, мемлекет мүлкін бүлдірмеу, жаман әдеттерден аулақ болу. Яғни электронды темекі, нашақорлық, алкогольді өнімдер, қауіпті интернет ойындары, ұрлық, төбелес. Өз қауіпсіздіктері үшін жастарына сай мопет, мотоцикл мінүлері белгілі ережелерді сақтау, ата анасының рұқсатымен. Жасөспірімдерді жалғыз қалдырмау, үйде жалғыз екенін айтпау, тоқ, сіренке, пештен, газдан сақ болуды үнемі айту керек. Кешкі сағат 22:00 кейін көшеде жүрмеу, жалғыз қызырмаяу, кешікпеуі ата ананың назарында болуы керек. Жазғы уақытта судан сақтану, рұқсат етілген жерде шомылу, ата анасының назарында болғаны жөн. Ашық терезелерден сақтану, үйде үлкендер жокта терезені жауып кеткен дұрыс. Сонымен қатар жолда жүру ережелерін қатаң сақтау керек. Жаз мезгілінде көлік қоғалысы көп, жолда абайлап жүріп, барлық ережелерді білген абзал. Құқық бұзушылыққа жол бермеу мақсатында сынып сағаттары, қосымша ақпараттар үнемі беріледі. Ата аналар жиынында, әлеуметтік желілерде ақпараттар беріліп отырады. Жасөспірімдердің қауіпсіздігі жайлы ата аналармен арнайы жұмыстар жүргізіліп ережелер жан- жақты таныстырылды.

**Қаулы: Құқық бұзушылықтың алдын алу мен оқушылар қауіпсіздігі жайлы ережелер таныстырылды.**

Өз кезегінде сөз алған мектеп психологі А. Кучуков Оқушыларға қай уақытта болсын психологиялық көмек көрсетіліп тұрады. Алдағы сыныптан сыныпқа көшу, мемлекеттік емтихандар тұсында оқушылар уамдап өз өздеріне келе алмай жататыны белгілі. Сол уақыттарда ата- аналар тарапынан, ұстаздар тарапынан оқушыларға қолдау керек. Жастар осы уақытты өздеріне демеу, қолдау керектігін сезінеді. Біз әрқашан жандарынан табылып, барынша қолдағанымыз дұрыс. Баланың жоғарғы нәтижеге жетуі үшін мазасызыңызпен толқуды жеңуге барынша көмектесу керек. Оқушы бір сабакқа дайындалған соң жарты сағат серуендерені абзал. Бұл жоғары нәтиже беруге көмектеседі. Қай уақытта болсын оқушыларға психологиялық көмек көрсетуге дайынбыз. Бұл оқушыларды қолдау, өздеріне деген сенімділік беретіні анық.

## **Қаулы: Оқушыларға керек кезінде психологиялық көмек көрсетіледі.**

Бесінші болып сөз алған әлеуметтік педагог С. Алпамыс жыл бойы жүргізген жұмыстарға тоқталды. 2023-2024 оку жылдары Мектептің әлеуметтік паспорты мен таныстырылған. Қазіргі таңда жалпыға бірдей білім беру қоры есебінен 137 оқушы бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылған. Оның ішінде бастауыш сыныптарда 111 оқушы яғни 100 пайыз, ал 5-11 сыныптар арасында 26 оқушы яғни 17,3 пайыз ыстық тамақпен қамтылған. Істық тамақтың құны бастауыш сыныптарда 645 теңге, жоғарғы сыныптарда 750 теңгені құрайды. Оқушылардың тамақтану тәртібі қадағаланып, күнделікті журналға толтырылады. Әр айдың сонында тамақтану есебі жасалып, табел толтырылып ИП Мусинаға жіберіледі. Тамақтану бойынша жыл бойы сауалнамалар жүргізілді. Сауланама нәтижесі көрсеткендегі ата аналар мен оқушылардың ыстық тамаққа көнілдері толады. Оку жылдарында оқушыларды оку мен қамту мақсатында ұйымдастырылған жалпы Республикалық «Мектепке жол» акциясы аясында ЖМОҚ мектебімізде төрт оқушыға көмек берді. Және осы акция аясында «АЛТЫНАЛМАС» АҚ демеушілік жасап, 25 көмек берді. Оқушылар сөмкө оку жабдықтрымен қамтамас етілді. Жаңа жыл қарсаңда аудан әкімінің шыршасына мектебімізден екі оқушы қатысып, жаңа жылдық дорба алды. Келесі оку жылдарында жұмыстың нәтижелі болу мақсатында сынып жетекшілермен бірлесе отырып, көп балалы, аз қамтылған отбасы санатындағы оқушылардың тізімі жасалып, бақылауға алу жоспарланатыны айттылды. Алдағы тамыз айында аосы санатқа ажатын отбасы ата- аналарынан өтініш қабылданып, құжаттар жиналыш жаңа оку жылдарында тізім жасалып, бекітілетіні ескертілді.

## **Қаулы: Әлеуметтік педагогтың жылдық есебі тындалды.**

Өз кезегінде сөз алған мектеп мейірбикесі Х. Хапар жыл бойы оқушылардың тазалығы, саулығы бақылауда. Уақытылы дәрігерлердің қарауынан жастарына сай өтіп тұрады. Барлық оқушыларға дер кезінде медициналық көмек көрсетіледі. Жүқпалы аурулардың, тымаудың алдын алу мақсатында арнайы дәрістер, кеңестер, ақпараттар беріледі. Жасөспірімдердің физиологиялық ерекшеліктері ескеріліп, қыздар мен жеке, ұлдармен жек арнайы гигиениялық сұраптар бойынша дәрістер оқылады.

## **Қаулы: Оқушылар медициналы көмек көрсетіледі, гигиениялық тазалықтары сақталады.**

Жетінші болып сөз алған Жолымбет кентінің участекелік инспекторы Ж. Самбетов жасөспірімдердің тәртібі, көшеде жүру тәртібі, ұсақ қылмыстардана, электронды темекі, алкогодік өнімдерден аулақ болыды ескертті. Сонымен қатар жолда жүру ережелерін сақтау, мопед, мотоциклді рұқсат етілген жасқа, талапқа сай жүргізуі, мемлекет мүлігін бұлдірмеу, қоқыстар тастанау, көше мәдениетін сақтауды бас айтты. Кешкілік көшеде жалғыз жүрмеуді, сағат 23: 00 кейін көшеде жүрмеуді ескертті. Жасөспірімдер құқық бұзған жағдайда жаза түрлері, айыппұл түрлері, әкімшілік жазалау шаралары айттылды.

**Қаулы; Жол ережелері таныстырылды, әкімшілік айыппұл салынатыны ата аналарға ескертілді.**

Күн тәртібіндегі соңғы қаралған мәселе әртүрлі сұрақтар. Ата аналар өздерін ойландырып жүрген сұрақтарын мектеп әкімшілігіне, ұстаздарға, құқықық корғау қызметкерлеріне қойды. Еркін ой пікір алмасты. Қойылған әр түрлі сұрақтарға тиісті тұлғалар жауап берді. Жиында мектеп формасының жаңа улгісі көретіліп, ата аналардың қарауына, оқушылардың тандауына қалдырылды. Сондайақ мектеп біту кештері жайлы да сұрақтар болды. Мектеп бітіру кештері мектеп қабырғасын да өтетіні ескертілді. Қандай да өзгерістер болса қосымша ақпараттар берілетіні айтылды.

**Қаулы: Қаралған барлық сұрақтарға тиісті тұлғалардан толық жауап берілді.**

Мектеп директоры



А. Молдобаева

К. Икарқызы